

4 тақырып. Ұлы дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғғ.)

Дәріс жоспары:

- Шыңғыс хан және Моңғол империясының құрылуы
2. Моңғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды басып алуы
3. Алтын Орданың Еуразия империясы ретінде құрылуы
4. XIV-XV ғғ. ортағасырлық мемлекеттер

Шыңғыс хан және Моңғол империясының құрылуы. Моңғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды басып алуы. Қазақстан үш моңғол ұлысының құрамында. Бату ханның Шығыс Еуропаға жорығы. Алтын Орданың Еуразия империясы ретінде құрылуы: аумағы, этникалық процестер, мәдени симбиоз. Ұлыстық жүйенің дамуы. Алтын Орда билеушілері. Өзбек ханның империялық саясаты. Ислам дінінің мемлекеттік дін ретінде қабылдануы. Египеттегі Мамлюк сұлтанатымен дипломатиялық байланыстар орнату, ортағасырлық әлемдегі империяның беделінің өсуі. Әмір Темірдің Алтын Ордаға жорықтары.

XIV-XV ғғ. ортағасырлық мемлекеттер: Ақ Орда (XIII ғ. соңы – XV ғ. басы), Моғолстан (XIV ғ. ортасы - XVI ғ. басы), Көшпелі өзбектер мемлекеті (1428-1468 жж.). Ноғай ордасы, Сібір хандығы (XV ғ. соңы – XVI ғ.) – аумағы, этникалық құрамы, билеушілері, көрші мемлекеттермен өзара қарым-қатынасы. XIV-XV ғғ. ортағасырлық Қазақстанның экономикасы. Мал шаруашылығы және егіншілік. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар. Қалалар. Ауылдық елді мекендер. Қолөнер. Керуен жолдары. Сауда және тауар айналымы.